

Күндізгі оқу нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 431 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 наурызда № 3690 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2017 жылғы 23 ақпандағы № 135 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 23.02.2017 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2016 жылы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру Сәтбаев қаласының төмендегі оқушылар санаттарына белгіленсін:

1) жалпы білім беру оқу орындарының біріншіден сегізінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда – тегін жол жүру (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

2) жалпы білім беру оқу орындарының тоғызыншыдан он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда – белгіленген тарифтің 50% төлеумен (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

3) кәсіби мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларын – белгіленген тарифтің 50% төлеумен (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда);

4) әлеуметтік көмек көрсетілетін мына азаматтар санатына жалпы білім беру оқу орындарының біріншіден он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларын қосып алғанда, кәсіби мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларына – тегін жол жүру (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда):

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
көп балалы отбасылардың балалары;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалар;
жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарында, мектеп
жанындағы интернаттарда тұратын балалар;

дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;

интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан,
сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына
шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен
отбасылардан шыққан балалар;

денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім
беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық
көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін
ұйымдарда оқитын балалар;

толық емес отбасынан шыққан балалар.

2. "Күндізгі оқу нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден
басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2015
жылғы 26 ақпандағы № 318 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3052 болып тіркелген, 2015 жылғы 27
наурыздағы "Шарайна" № 12 (2150) газетінде және 2015 жылғы 30 наурызда "
Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп
танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп
және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (
төрағасы Мырзақоңыров Сұлтанбек Әлиұлы) жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық

мәслихат хатшысы

Ж. Күнеділов

Т. Хмилярчук